

Өрт қауіпсіздігінің талаптарын белгілейтін стандарттардың, нормалар мен ережелердің жобаларын, сондай-ақ осындай нормалары мен ережелері жоқ объектілердің құрылысын салуға арналған жобалық шешімдерді келісу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 48 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 173 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 173 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Өрт қауіпсіздігінің талаптарын белгілейтін стандарттардың, нормалар мен ережелердің жобаларын, сондай-ақ осындай нормалары мен ережелері жоқ объектілердің құрылысын салуға арналған жобалық шешімдерді келісу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 24 қаңтардағы
N 48 қаулысымен
бекітілген

Өрт қауіпсіздігінің талаптарын белгілейтін стандарттардың, нормалар мен ережелердің жобаларын, сондай-ақ осындай нормалары мен ережелері жоқ объектілердің құрылысын салуға арналған жобалық шешімдерді келісу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже өрт қауіпсіздігінің талаптарын белгілейтін стандарттардың нормалар мен ережелердің, сондай-ақ осындай нормалары мен ережелері жоқ объектілердің құрылысын салуға арналған жобалық шешімдердің жобаларын (бұдан әрі - құжаттардың жобалары) келісудің негізгі ережелерін белгілейді.

2. Жобалау кезінде өрт қауіпсіздігінің талаптарын белгілейтін нормалары мен ережелері жоқ объектілер құрылысын салуға жобалық құжаттаманы әзірлеушілер қажет болған кезде тиісті ғылыми-зерттеу және мамандандырылған ұйымдарды тарта отырып, олардың өрттен қорғау ерекшелігін бейнелейтін жобалық шешімдерді әзірлеуі тиіс.

3. Жобалық шешімдер өрт қауіпсіздігінің талаптарын белгілейтін нормалары мен ережелері жоқ құрылыс объектілерін салуға арналған жобалық құжаттаманы әзірлеу үшін негізгі бастапқы құжат болып табылады.

4. Келісуге жататын құжаттардың жобалары халықтың өмірі мен денсаулығын, меншікті, ұлттық байлықты және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін талаптарды қамтуы және өрттердің шығуы мен өрлеуін болдырмауға, сондай-ақ оларды сәтті сөндіруге бағытталуы тиіс.

2. Құжаттарды келісу тәртібі

5. Құжаттардың жобаларын келісу өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органда, аумақтық мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарында жүргізіледі.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

6. Келісуге мынадай құжаттар жобаларының кемінде 2 данасы:

1) өрт қауіпсіздігінің талаптарын белгілейтін халықаралық, ұлттық стандарттар, шет мемлекеттердің стандарттары, алдын ала ұлттық стандарттар;

2) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.07 N 1567 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Қаулысымен.

3) өрт қауіпсіздігінің талаптарын белгілейтін нормалар мен ережелер, сондай-ақ:

4) жобалау нормалары мен ережелері жоқ құрылыс объектілері мен кешендеріне арналған жобалық шешімдер 3 данада ұсынылады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.12.07 N 1567 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

7. Келісуге құжаттардың жобаларынан басқа жану, тұтану тобы, оттың үстіңгі

бетпен таралуы, түтін шығару қабілеті және уыттылығы бойынша өнімдердің, заттардың, материалдардың өрт қауіпсіздігі көрсеткіштерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарына сәйкес айқындалатын құрылыс объектілерінің функционалдық өрт қауіпсіздігі ерекшелігін растайтын материалдар ұсынылады.

8. Құжаттардың жобаларын қарау және келісу (30) отыз күнге дейінгі мерзімде жүргізіледі.

9. Ұсынылған құжаттардың жобаларын талдау негізінде өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган, аумақтық мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құжаттардың жобаларын келісу немесе келісуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

10. Өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган, аумақтық мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары өрт қауіпсіздігінің талаптарын белгілейтін нормалары мен ережелері жоқ объектілердің құрылысын салуға арналған жобалық шешімдерді бірінші бетіне елтаңбасы бар мөр қойып, бірінші басшының немесе оны алмастыратын адамның қолын қою жолымен, басқа құжаттарды - қорытынды шығару жолымен келіседі. Құжаттар қолы мен мөрінің түпнұсқасы болған жағдайда ғана келісілген болып саналады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

11. Құжаттардың жобаларын келісуден бас тартқан жағдайда өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган, аумақтық мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары келісуден бас тартудың себебін көрсете отырып, ол туралы әзірлеушіге жазбаша хабарлайды.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

12. Әзірлеуші келісуден бас тарту себебін жойғаннан кейін құжаттардың жобалары өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органға, аумақтық мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына қайтадан келісуге жіберіледі. Құжаттарды қайтадан қарау және келісу 15 (он бес) күнге дейін мерзімде жүргізіледі.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

13. Құжаттың бір данасы, ол келісілді ме не жоқ па, оған қарамастан, өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органда аумақтық мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарында қалады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК